

А. Б. Рахметуллаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының педагогика және басқару теориясы кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры

ЗАҢ САЛАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада автор заң саласындағы патриоттық тәрбиені жетілдіру мәселесін қарастырған.

Түйін сөздер: заң, патриот, тәрбие, отансүйгіштік, мәдениеті, мораль, сана, саяси, құқық.

Ерте заманда қазақтың тілінде «Патриотизм» деген сөз болмаған. Бұл ұғым Қазан төңкерісінен кейін сөз қорымызға енді.

Патриотизмнің негізгі мағынасы әр азаматтың ұлтын, Отанын сүйуден туындайды. «Патриотизм» — гректің сөзі. Оның қазақшасы-жерлес, отандас дегенді білдіреді, яғни Отанын, ұлтын сүйу, оны жаудан қорғауⁱ.

Қандай халық болмасын отанын, елін, жерін сүймейтіні жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да жалпы шығыс, оның ішінде түркі тілді халықтардай отанын, жерін, суын, табиғатын сүйуге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келеді.

Бірақ кешегі кеңес заманында таза ұлттық патриоттық тәрбиені жалпы кеңестік патриоттық-интернационалдық тәрбиемен алмастырды.

Біз интернационалдық (ұлтаралық татулық) тәрбиені жоққа шығармаймыз. Қазақстан жағдайында тәрбиенің бұл саласы бүгінде де қажет. Бірақ патриоттық осы тәрбиенің түпқазығы болуы тиіс.

Қазақстандық патриотизм, қазақстандық интернационализммен, яғни қазақстандық отансүйгіштік қазақстандық ұлтаралық татулықпен байланысты деген ұғымды білдіреді. Оның түбінде ұлттық және мемлекеттік идеология жатыр. Біз осының бәрін қатар алып жүруіміз керек. Ұлттық идеология дегеніміз — Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың мәдениеті, салт-дәстүрі, тілі, діні, тарихынан туындайтын көзқарас. Бірақ қазақтың ұлттық идеологиясы осының көшбастаушысы болуы тиіс. Оған негізінен қазақ азаматтары атсалысуы, көш бастауы керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз — ол қазақстанда тұрып жатқан халықтардың мүддесінен туындаған мемлекет саясаты. Дәлірек айтсақ, «Идеология (идея және логия) — таптар мен әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, құқықтық, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы»ⁱⁱ.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Жолдауында. Біз Жалпыұлттық идеямыз — Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел — елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан – 2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығыⁱⁱⁱ.

Президент Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде негізінен түркі тектес халықтардың, оның ішінде түркі мәдениетіне, қазақ топрағында түрлі діндердің болғанын айтқан. Бұл еңбек қазақстандық ұлттық, ұлтаралық татулықтың, қазақстандық патриотизмнің темірқазығы іспеттес^{iv}.

Тәрбиенің негізі, оның мақсаты, міндеті, мазмұны, түрі, құрылымы, әдісі, тәсілі, заңдылықтары, принциптері, құралдары бар. Сол сияқты қазақстандық патриотизмнің мақсаты, міндеті, түрі, әдіс-тәсілі бар. Егер патриоттық тәлім тәрбиемізде осы негіздер болмаса ол жәй сөз болып қалуы мүмкін. Өзін-өзі білмеген адам өзінің кім екенін түсінбейді.

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып ұлттық тәрбиеге жаңа мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап, ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүнитанымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет.

Бүгінгі Егеменді Қазақстанның жағдайында патриотизм, ұлтаралық татулық жаңа мағынаға ие болып отыр. Себебі Қазақстанды Отаным деп білетін әрбір Қазақстан азаматы Қазақстанды сүйіп, соның азаматы болу, Қазақстанды қорғау, Қазақстанның дамуына, өркендеуіне өз үлесін қосу міндетті. Мұны, әсіресе, қазақ ұлт өкілдерінен басқа ұлт өкілдері жақсы ұғынуы тиіс. «Қос азаматтық», «Қос тілдік» деген ұғымнан арылу. Біз мұнда түгелдей орыс тілінен бас тартып отырғанымыз жоқ. Орыс тілі арқылы батыс мәдениетін игеруіміз тиіс.

Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс-әрекет ұйымдастыру, отбасы, балабақша мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана жастардың бойына ұлттық, патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жетеді. Ұлттық патриотизм — жеке тұлғаның өз халқына деген сүйіспеншілігі. Әрине, ол адамның ерекшелігі, тегі, қоныстанған мекені, тарихи дәстүрі сияқты категорияларға байланысты әртүрлі деңгейде көрініс береді. Соған қарамастан, осы рухани ерекшеліктерді білу, оны қазіргі жастардың бойында қалыптастыру — патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты деп есептеуге болады.

ⁱ Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. — Алматы, 1995.

ⁱⁱ Сарбасова Қ. А., Шаушекова Б. Қ. Педагогика негіздері. — Қарағанды, 2004.

ⁱⁱⁱ Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы // www.akorda.kz

^{iv} Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, 1999.

Резюме

Автор рассматривает формирование индивидуального познания в процессе обучения, совершенствование юридического образования и проблемы патриотического воспитания в правоохранительной деятельности.

Resume

In this article the author consider the formation of the learning process of individual cognition, improvement of legal education and problems of patriotic education in law enforcement activities.